**Қазақстан Республикасының Мемлекеттік салық комитеті салық полициясы қызметкерлері Антының мәтінін бекіту туралы**

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 4 желтоқсандағы N 1481 қаулысы. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2003.06.02. N 512 қаулысымен.

"Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің салық қызметінің салық полициясында қызмет өткеру туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 16 сәуірдегі N 459 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік салық комитеті салық полициясы қызметкерлері Антының қоса беріліп отырған мәтіні бекітілсін.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1996 жылғы 4 желтоқсандағы
N 1481 қаулысымен
Бекітілген

## Қазақстан Республикасының Мемлекеттік салық комитеті салық полициясы қызметкерлерінің АНТЫ

Мен, Қазақстан Республикасының азаматы____________________________
(тегі, аты, әкесінің аты)
салық полициясының органына қызметке кіре отырып, Ант қабылдаймын және салтанатты түрде:

Қазақстан халқына және оның заңды сайланған Президентіне адал болуға, Конституцияны және өзімнің егемен мемлекетімнің заңдарын қастерлеуге:

салық полициясы қызметкерінің маған жүктелген міндетін әділ және адал орындауға, күшімді аямауға, ал егер қажет болса-азаматтар мен мемлекеттің құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін қорғау, елдің экономикалық қуаты мен салық жүйесін нығайту үшін жанымды қиюға;

Қазақстан Республикасы заңдарының, бұйрықтар мен осы Анттың талаптарын мүлтіксіз басшылыққа алуға, өзімнің кәсіби шеберлігімді

ұ д а й ы көтеруге;

мемлекеттік және қызметтік құпияларды қатаң сақтауға ант етемін.

Егер мен өзімнің осы салтанатты Антымды бұзсам, онда маған заңның ең қатаң жазасы қолданылсын.

1996 жылғы "____" ____________________ ____________________________

(қолы)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК